8D02310 – «Филология» ББББ докторанты А.Е.Сматованың «Қазақ және ағылшын топонимиясының лингвоконцептологиялық сипаты» тақырыбындағы докторлық диссертациясына рецензия.

Докторант Алия Ералиевна Сматова диссертациялық зерттеу жұмысында қазақ және ағылшын топонимиясының лингвоконцептологиялық сипатын когнитивтік тұрғыдан қарастыру арқылы екі тілдік социумның онимдерді қабылдау ерекшеліктеріне, екі халықтың санасындағы жалқы есімдердің атқаратын *функциясына*, ұжымдық санадағы топонимдердің қызметі мен *стереотиптерін* анықтауға әрекет жасайды. Осы тұрғыдан алғанда, *салғастырмалы* тәсіл арқылы орындалып отырған диссертациялық жұмыс екі тіл жүйесінің құрылымындағы топонимдердің қоршаған ортаға қарым-қатынасын, өмір сүрген және сүріп отырған қоғамның *ұлттық кодын* жан-жақты таныта алатын ғылыми еңбек деп бағалаймыз.

Докторант зерттеу жұмысында *салғастырмалы* тәсіл арқылы екі түрлі тіл арасындағы топонимиялық ерекшеліктерді анықтайды, сондықтан да бұл жұмысты *контрастивті* тәсіл арқылы орындалған жұмыс деп те бағалаймыз. Салғастырмалы тәсіл арқылы орындалған бұл жұмыстың *типологиялық принциптермен* де түйісіп жатқан жақтары жоқ емес. Туыс емес тілдерді зерттеуде қолданылатынын *салғастырмалы әдіс* арқылы *қазақ және ағылшын топонимиясын лингвоконцептологиялық* тұрғыдан қарастыру арқылы жалқы есімдердің ұқсастықтарынан бұрын ерекшеліктерін көрсетуді алдына мақсат етіп қойған.

Ғылымның даму бағыттарына, мемлекеттік бағдарламаларға диссертация сәйкес келеді: Қазіргі заманғы жаңғырту мен цифрлық Қазақстанды құру үдерісінде «Цифрландыру, ғылым мен инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы (2021-2025 жж.), «*Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (2021-2025 жж.),* сондай-ақ «*Ұлы Дала Елі»* идеясының аясында қазақ халқының ұлттық бірегейлігін нығайтуға арналған стратегиялық бағыттармен тікелей байланысты. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы *Қазақстан Республикасында тіл саясатын* іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы), Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (5.3.5 *Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани* құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған «*Білімді ұлт»* сапалы білім беру ұлттық жобасында (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазанындағы №726 Қаулысы), қойылған міндет «*Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты міндетіне* толықтай сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыстың ғылымға елеулі үлес қосатыны айқын, еңбектің теориялық маңызы зор. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазақ және ағылшын тіліндегі топонимдерді концептілік тұрғыдан түсінуге, онимдік

материалдарды терең түсініп концептілік құрылым жасауға, екі ұлттың мәдениетін, дәстүрін, дүниетанымын кеңінен тануға мүмкіндік береді.

Зерттеу үш бөлімнен тұрады, *алғашқы тарауда* докторант қазақ және ағылшын топонимдерінің когнитивтік бағытта зерттелуіне назар аударады. Топонимдердің *номинативтік (атауыштық) қызметіндегі лингвомәдениеттанымдық аспектілеріне*, қалыптасу тарихи кезеңдеріне, топонимде кездесетін түр-түс атауларының репрезенттелу ерекшеліктеріне тоқтала отырып, талдау жұмысын жүргізеді. *Екінші бөлімде қазақ және ағылшын топонимиялық* кеңістігінің концептілік құрылымын онимдік тұрғыда қарастыра отырып, тың тұжырым жасайды. Бұл бөлімде концепт сөздердің беретін ұғымын түсіндіру арқылы екі ұлт өкілдерінің, тіпті қоғамдық топтардың дүниетанымдық ерекшеліктеріне назар аударады. *Үшінші бөлімде қазақ және ағылшын тілдеріндегі топонимдік концептілердің вербалдану* ерекшеліктеріне талдау жұмыстарын жүргізе отырып, топонимиялық концептілердің мәтінде тілдік, вербалдік көріністерінің заңдылықтарын айқындап көрсете білген.

Осындай жайттарды негізге алар болсақ, диссертацияны қазақ және ағылшын тілтанымындағы лингвоконцептология тұрғысында жазылған біршама жетістігі бар еңбек деп тануға болады. *Жұмыста көрсетілгендей, этностың дүние көрінісін бейнелейтін топонимиялық бейнелер – екі ұлттың тілі мен тарихының, мәдениетінің сабақтаса дамуының жетістігі.* Бұлардың барлығы тұтасып топонимиялық концептілер жиынтығын құрай алады.

Жалпы зерттеудің құрылымы, мазмұны, көлемі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, зерттеу барысында жасаған *тұжырым-түйіндері және нәтиже қорытындылары, рәсімделуі докторлық* диссертацияға қойылатын талаптарға толық сай келеді. Сондай-ақ докторант тақырыбын жан-жақты меңгеріп, деректерді қажетіне қарай орынды қарастыра білген, пайдаланылған шетелдік, орыс, қазақ ғалымдарының теориялық пайымдаулары мен көзқарастарын саралай келіп, нақты тілдік фактілер арқылы өзіндік тың *тұжырымдар жасай білген*. Еңбектің кейбір жерлеріндегі *ғылыми аппараты күрделі болып табылады,* екі ұлттың топонимиядағы танымдық ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау кезінде біршама терминдер ғылыми айналымға енгізілген.

Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен оның тараушаларының бірімен бірі тығыз байланысып астасуы, жұмыстың мақсат-міндеттеріне қарай рет-ретімен берілгендігі құптарлық жайт. Екі ұлттың топонимдік кеңістігі *«ата мекен», «қоныс», «ауыл», «дала», «жан-жануарлар», «өсімдіктер»* ретінде категорияланууы, этномәдени тұрғыдан ұлттық сана көрсеткіші ретінде қарастырылуы жұмыстың логикалық жүйелігі мен ішкі бірлігін айқындап тұр.

Жұмыстың жазылу деңгейі ортадан жоғары, диссертацияға қойылатын талаптарға сай, өзі жазу деңгейі қанағаттанарлық. Диссертанттың ғылыми ойды өз бетінше жүйелеуі, мысалмен дәлелдеуі дәйекті, тұжырымдары айқын.Зерттеу барысында нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізген және

олардың арасында тығыз логикалық байланыс та жоқ емес. Сондай-ақ қазақ және ағылшын топонимдерінің репрезенттелуі мен этносемантикасын көрсету принциптері мен екі тілдік концептіні моделдеу сияқты салғастырмалы әдістері ғылымға айтарлықтай үлес қосады.

Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының бөлімдері бір-бірімен ғылыми-логикалық тұрғыда сабақтаса байланысқан. *Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның әрбір бөлімдерінен кейін қысқаша тұжырымдар, соңында жұмыстың толық мазмұнын қамтитын, зерттеу нәтижелеріне негізделген қорытынды берілген.* Алынған барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.

ҚР ҒжЖБ саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне «Қазақ және ағылшын топонимиясының лингвоконцептологиялық сипаты» тақырыбындағы зерттеу жұмысының нәтижелері үшін Сматова Алия Ералиевнаға 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Ғылыми жетекші: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы: Б.М.Тілеубердиев.

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
ҚЖЖ бөлімінің
басшысы